

6D120200 - «Ветеринарлық санитария» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Аккозова Ардак Сабржановнаның «Цеобалық» пребиотигі қосылған қоспа жемді қолдану арқылы өсірілген Кларлық жайынды (*Clarissa gariepinus*) ветеринариялық-санитариялық сараптау және

бағалау

тақырыбындағы

диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ШІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс келесі бағдарламалар аясында орындалды:</p> <p>1.Ғылыми жұмыс ҚазҰАЗУ қарамағындағы «AsylTasEngineering» ЖШС-нің № 236-16-ГК «Халықаралық стандарттарға сәйкес жергілікті экологиялық таза азық негізінде өсірілген балықтардан (Тиляпия, Африкалық жайын балық және т.б.) органикалық өнімдер өндіру» ғылыми жобасы негізінде орындалды.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Ғылыми жұмыс ветеринария ғылымының дамуына үлесін қосады. Жүргізілген жұмыс нәтижелері бойынша «Цеобалық» пребиотигі

			қосылған азықтық жемді қолдану Африкалық жайын балықтарының ның ветеринариялық-санитариялық көрсеткіштеріне оң әсер ететіндігі және оны балықтардың негізгі рационының құрамына қолдануға болатындығы анықталған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Жоғары. Диссертация ғылыми тілде, түсінікті жазылған, зерттеу нәтижелері мен талдау бөлімдерінде арнайы дереккөздерге сілтеме жасалған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Негізделген. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығынан ашылған, себебі бүгінгі таңда бағалы балық түрлерін кеңінен өсіру мен дамыту үшін құрама азықтардың рецептураларын құру өзекті мәселе болып табылады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Айқындайды. Диссертация тақырыбы «Цеобалык» пребиотигі қосылған қоспа жемді қолдану арқылы өсірілген Кларлық жайынды ветеринариялық-санитариялық сараптау және бағалау болса, осы сұрақтар толықтай диссертация мазмұнында ашылған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Сәйкес келеді. Жұмыстың алдына қойылған мақсат пен міндеттер тақырыпқа сәйкес келеді, міндеттер толықтай орындалған.

		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>Толық байланысқан. Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылысы өз ара логикалық байланыста, Цеолиттің азықтық ұнтақтардың сапасына әсерін зерттеу, Цеолиттің пробиотикалық штамның өсу белсенділігіне әсерін анықтау, Африкалық кларий жайындарына арналған «Цеобалық» пребиотигі қосылған құрама жемді әзірлеу, «Цеобалық» пребиотигі қосылған қоспа жемді қолданған кездегі жайындардың сапасын ветеринариялық-санитариялық сараптау, жайын балықтарының органолептикалық, физикалық-химиялық, микробиологиялық көрсеткіштеріне, химиялық, минералдық құрамына, қанының биохимиялық және гематологиялық көрсеткіштерін талдау жасалған, сонымен қатар, етінің, бүйректері мен ішектерінің патоморфологиялық өзгерістері зерттелген.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>Сыни талдау бар. Автор зерттеу барысында «Цеобалық» пребиотигі қосылған азықтың жайын балықтарының өсу көрсеткіштері мен балықтардың етінің сапасына әсерін анықтаған. Әрбір қолданған әдіске сыни талдау жасалған.</p>
5.	Ғылыми	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа	Жартылай жаңа. Бұрын жайын балықтарына

	жаңашылдық принципі	<p>болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u></p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>қолданылмаған жергілікті цеолиттің азықтық ұнтақтардың сақтау кезіндегі сапасы мен технологиялық көрсеткіштеріне әсері анықталды, цеолиттің пробиотикалық штамның өсу белсенділігіне әсері зерттелді.</p> <p>Толығымен жаңа. Алғаш рет Африкалық кларий жайындарына арналған «Цеобалык» пребиотигі қосылған құрама жем әзірленді, осы азықтық қоспаның жайын балықтарының өсу көрсеткіштеріне, қанының құрамына, етінің сапасына әсері, қауыпсіздігі анықталған. Нәтижесінде етінің калориялық көрсеткіші 6,4 ккалға жоғары, балықтардың өсуі бақылау тобымен салыстырғанда 2,1%-ға артса, қанының құрамы айтарлықтай жоғары болған, яғни бұл көрсеткіш балықтардың иммундық көрсеткіштерінің жоғары екендігін білдіреді.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Жартылай жаңа.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Зерттеулер нәтижесінде алынған

		және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	және диссертациялық жұмыста баяндалған ғылыми деректер, қорытындылар және ұсыныстардың ғылыми негізделу дәрежесі жоғары. Ғылыми нәтижелердің логикалық байланысы және ғылыми тұрғыда құндылығы бар.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар толығымен дәлелденді. Диссертациялық жұмыстың қорғауға шығарылған қағидаттары тривиалды емес, жаңашылдығы бар. Диссертант өзінің диссертациялық жұмысында алғаш рет «Цеобалық» пребиотигі қосылған жетілдірілген құрама азық Африкалық жайын балықтарының физиологиялық жай-күйі мен өсіміне жақсы әсер ететіндігін анықтады. Диссертациядағы нәтижелерді балық өсірумен айналысатын балық питомниктерінде, тұйық сумен қамтамасыз ету жүйелерінде балықтардың негізгі рационының құрамына қолдануға болады. Диссертациялық жұмыс көлемінде алынған материалдар докторанттың жарық көрген мақалаларында жан-жақты дәлелденген.

8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Ия. Әдістеменің таңдауы негізделген және диссертациялық жұмыстағы зерттеу міндеттеріне толық сәйкес келеді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Ия. Диссертация жұмысының нәтижелерін алуда компьютерлік технологиялар қолданылған, қан сарысуының құрамынан жалпы ақуыздың санын, альбуминдер, АЛТ мен глюкоза сияқты қанның биохимиялық көрсеткіштерін анықтау жұмыстары ашық типті BioChem FC-360 (АҚШ) биохимиялық анализаторында жүргізілген. Тұрақтанған қан құрамынан эритроциттердің, лейкоциттердің, тромбоциттердің, гематокриттер мен гемоглобин мөлшерін анықтау жұмыстарын MELET SCHLOESING MS4-3 гематологиялық анализаторында орындалған. Гистологиялық зерттеулер үшін: «ERM 3100» микротомы, Австрия елінде шыққан «LeicaST 4040» процессоры, Германия және Австрия елдерінде бірігіп құрастырылған микроскопы және «Лейка ДМЛС» микрофотосуреттер «KARL ZEISS» микроскопында цифрлы фотоаппаратқа түсірілген.
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық	Ия. Диссертациялық жұмыстың қорытындылары зертхана жағдайында заманауи құрылғылармен, сондай-ақ жалпы әдістерімен алынған нәтижелермен

		<p>ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	дәлелденген және расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді отандық, шет елдік ғалымдарының ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті түрде қамтылған, диссертацияда 234 дереккөздер берілген, оның ішінде отандық ғалымдардың еңбектері - 51, шетелдік ғалымдардың еңбектері - 183.
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	Ия. Диссертацияның теориялық маңызы бар, себебі алғаш рет алғаш рет «Цеобалық» пребиотигі қосылған жетілдірілген құрама азық Африкалық жайын балықтарының физиологиялық жай-күйі мен өсіміне жақсы әсер ететіндігін анықталған және балық етінің сапасына әсері зерттелген.
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	Ия. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Балық өсірумен айналысатын балық питомниктерінде, тұйық сумен қамтамасыз ету жүйелерінде балықтардың негізгі рационның құрамына қолдануға болады. Азық дайындау әдістеріне

			ҚР өнертабыс патенттеріне авторлық құқықтар алынған.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы - жоғары. Диссертациялық жұмыста тақырып бойынша отандық, ТМД елдері және шет ел ғалымдарының соңғы 5-10 жыл көлеміндегі зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне терең талдау жүргізілген. Қорытындылар жасалған жұмыс нәтижелерінен алынған.

Шешім: Аккозова Ардак Сабржановна 6D120200 - «Ветеринарлық санитария» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі тағайындалуын ұсынамын.

Ресми рецензент,
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
аграрлық-техникалық университеті,
Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы
институтының директоры, ветеринария
ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор:



Handwritten signature in blue ink.

Б.Е. Нурғалиев

